



БҰЙРЫҚ

01 қарашы 2022 ж
Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ 85
город Балхаш

Бракераждық комиссия күру туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығының ережелер талаптарына сәйкес мектеп - лицейдегі тамақтану жағдайын орындау және балалардың денсаулығын сақтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп-лицейдегі тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі бракераждық комиссия төмендегі құрамда құралсын:

- 1) К.Т. Рахимберлина - лицей директоры, комиссия төрағасы;
- 2) А.А. Толетаева - директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;
- 3) Т.Қ. Қосыбаева - медбике;
- 4) А. Азимбаева - өндіріс меңгерушісі, жалға алушы (келісім бойынша);
- 5) С.Е. Касенова - қамқоршылық кеңесінің мүшесі;
- 6) Ж.Саденова – ата-ана комитетінің төрағасы;
- 7) С.А. Ожанова – ата-анакomiteтінің мүшесі.

2. Бракераждық комиссияға оқушылардың тамақтануы мен қауіпсіздігін және құжаттарының «Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялардың мониторингті жүзеге асыруы бойынша ұсынымдар» 1-қосымшаға сай жүргізілуін қамтамасыз ету тапсырылсын.

3. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу актісі 2-қосымшаға сәйкес жүргізілсін.

4. Бракераждық комиссияның тексеріс қорытындысы туралы ақпаратты үнемі мектеп-лицей сайтына салынуы қамтамасыз етілсін және тоқсан сайын тағамдардың органолептикалық сапасы жайлы ақпарат беру тапсырылсын.

5. Бракераждық комиссияның жұмыс жоспары 3-қосымшаға сай бекітілсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Айсулу Аймуратовна Толетаеваға жүктелсін.

Лицей директоры



К.Т.Рахимберлина